

**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының
аға оқытушылары Жамитова Әсия Әбдіғазықызы, Жарасқанов Құрышбек
Сардарбекұлы
Графика өнерін оқыту әдістемесі**

**Арқалыкского педагогического института имени И. Алтынсарина старшие
преподаватели Жамитова Асия Абдугазиевна, Жарасканов Курышбек
Сардарбекович
Методика обучения искусству**

**Arkalyk state pedagogical Institute named after I. Altynsarin, senior lecturer, master
Zhamitava Asiya Abduganieva, Zharaskanov Kuryshbek Sardarbekovich**

Methods of teaching graphic art

Түйін сөз: Пейзаж, Үйлесім, Кескіндеме, Графика, Титул,
Ключевые слова: Пейзаж, гармония, живопись, Графика, Титул
Keywords: Landscape, harmony, painting, Graphics, Title

Аңдатпа

Графика кескіндемеші сияқты перспективаны меңгеруге, анатомияны білуге сурет сала білуге тиіс. Егер кескіндемеге түс және ол жасаған колорит бірінші оында тұрса, ал сурет қажетті бірақ әйтсе де көмекші роль атқарса, штрихтар ашық және қара қоңыр дақтардың ара қатынасы жетекші маңызға ие болады

Аннотация

Графика, как и живописец, должна владеть перспективой, знать анатомию, уметь рисовать. Если цвет и колорит, который он создает для картины, находятся в первом круге, а рисунок выполняет необходимую, но все же вспомогательную роль, то соотношение светлых и темно-коричневых пятен штрихов приобретает ведущее значение.

Abstract

Graphics, like a painter, must possess perspective, know anatomy, and be able to draw. If the color and color that it creates for the picture are in the first circle, and the drawing performs a necessary, but still auxiliary role, then the ratio of light and dark brown spots of the strokes becomes the leading value.

«Графика» деген сөз гректің «*grapho*»-«жазамын», «суретке саламын» деген сөзінен шыққан. Графика –бейнелеу өнерінің бір түрі. Қазақ графика өнерінің бастауы тас дәуірі мен ата бабаларымыздың рухына табынуға барып тіркеледі. Жартастарға салынған сызықтық суреттер Балқаш, Түркістан, маңғыстау өлкесінен табылған.

Графикаға қарандаш, көмір тушьты пайдаланып, қолмен салынған суреттер, *баспа графиканың* әр түрлері – алғашқа жасалған гравюра (ксилография), металға жасалған гравюра (офорт), литография, линогравюра жатады.

Кескіндеме сияқты графика да –портрет, натюрморт, пейзаж, тарихи, анималистік және т.б. жанрлар тән. Графика мен кескіндеме арасындағы байланыс ауыспалы. Мысалы, акварель, пастель кейде гуашьпен жұмыс істеу техникасын өнердің бір түріне, кейде екіншісіне жатқызады. Бұл – түстің қандай деңгейде пайдаланғанына, шығармада сызық пен дақтың қайсысы басым екендігіне, оның қолданылатын орнына байланысты. Қолданылу орнына қарай графиканың станокты, кітап, газет-журналдар, қолданбалы графика және плакат сияқты түрлері бар.

Станокты графика шығармаларын көрмелерден тамашалауға болады. Бұл – суреттер мен баспа графикалары.

Графиканың маңызды салаларының бірі – кітап графикасы. Кітаптың ішкі және сыртқы безендіру жұмыстарының барлығы тұтас өнер туындысы құрайды. Әсіресе суретші –

иллюстрацияшылардың рөлі зор. Олар кітаптың сыртын (мұқаба тысы, мұқаба), форзац және кітаптың ішкі элементтерін, нақтырақ айтқанда иллюстрацияларын безендірумен айналысады.

Қолданбалы графикаға күнтізбе, құттықтау ашықхаттары, орауыштардағы затбелгілер (этикетка), пошта маркалары, көшедегі жарнамалар жатады.

Компьютерлік графика- графиканың жаңа түрі. Суретшілер қйылысқан сызықтардан, көлемді элементтерден, өрнек, түрлі түсті дақтардан монитор бетінде композиция жасап, одан кейін дайын болған бейненің принтер арқылы басып шығарады.

Кітаптағы суреттердің бәрі кітап графикасы деп аталады. Сонымен қатар қосалқы, қолданылмалы графика да болады. Қолданылмалы графикаға қатырма ашық хат пен оған жапсыратын марка, әр алуан қораптардың, пакеттер мен шыны сауыттардың сыртындағы алабажақ жапсырынды қағаздарға-жарлықтарға салынған суреттер.

Кітап (көрнекіліктері) бейнелеу көрністері өнері басқа өнерлер мен теңдес болмаса да олардан кем емес, өйткені бұл өнер ежелден басталып келеді. Адамзат кітаптың өнерін бастағаннан, оны безендіру және көрністерімен толықтыру бірге келді деп те қортындылауға болады. Ежелгі Азия, Индия, Мысыр, Грекия өнерлерінде, кітаптарды безендіру өте жеке және күрделі жолға қойылған болатын. Көбінесе сол кездердегі кітаптардың бағасы тек оның авторы немесе оның мазмұнына ғана емес, әсіресе оның жақсы жазылып әріптердің сүйкімді түрлермен толықтырылып, зор безендірілген жалпы жақсы көріністермен сипатталынған сапалы болуына байланысты болған. Ол кездерде бояулардың қасиеттері жеке орын алған, осыған қоса кітаптарды алтынмен, күміспен, басқа да тастармен әшекейлеу қолға алынған, осындай кітаптар қазіргі заманда өз бағасын жоғалтпай, керісінше биік бағаланып отырғанына көз жеткізуге болады.

Сан ғасырлық тарих көшінде халық өнері өзінің таңдаулы үлгілерінде дәстүрлі реалистік өнер болды. Реализм халық өнерінің де бағыты болып қалды. Реалистік өнер-дүниеге көз тастайтын терезе, ол арқылы суретші ерлік пен күнделікті өмірді, өткен мен қазіргіні, таңғажайып пен әдеттегіні қайғылы мен қуанышты сәттерді көреді.

Кітап безендіру өнері өзінің көп ғасырлық тарихы бар, кездерінде өзінің даму тарихында керемет деңгейлерге жете білген өнер саласы. Бұл салаға ежелден өз еңбектерін сіндірген ұлы суретшілер аз емес. Суретшінің өзі де қандай да бір кітапті безендіргенде сол кітаптың авторының шығармашылық, өзіне ғана тән ерекшеліктерімен сынасуға дайын болуы, және тілдің, жазылған стильге тән келетін бағыттарды орындалуы қажет, осыған байланысты керекті көркем өнерлік жанрлар мен көркем-безендіру құжатарымен қамтамасыздырылған болуы қажет. Ол алғашқы негізгі болып келетіні, суретшінің жазушыға, кітап авторына толық бағынылуы, кітаптың мазмұнын жақсы білуі мен сондағы кейіпкерлердің дұрыс шындылықты бейнесін аша білулері, табиғат көріністерін мазмұндағыдай өзгеріссіз сақтап, шынайы бейнелеп көрсету.

Кітаптағы көріністерді композициялық дұрыс орналастыру мен беттердің шеттеріне көлемдік өрнек әшекелеулерді математикалық тұралықпен көрсетіп орналастыру. Өте тиімді және мазмұнына тән келетін шрифтерді тандай білу әріптерді өз принциптеріне сәйкесті дұрыс жаза отырып безендіру. Кітаптың мазмұны мен мағынасына сәйкесті бейнеленген көріністерді дұрыс орналастыра отырып, біртіндеп келіп бір бірімен байланыстылығын жеткізе білу, түстердің сәйкестігін, олардың колориттегі өңділік пен реңдерін дұрыс композициялық және кескіндемелік ерекшеліктерін сақтап бейнелеу. Көрініс қатары өзінің жалпы түстері арқылы көзге анық көрінуі мен ашық бояуларды монохромдық бір қалыпты реңге келтіріп мазмұнын аша білу суретші жазушының қандай ғасырда, қандай тарихи кезеңде өмір сүргенін есте сақтай отырып, өзі де сол кездерге көшкендей шынайы, терең зерттеулер жасап тарихи мезгілді көрсетіп сақтау керек. Әдеби композицияны, оның құрылымын сақтауға да күш салу керектілігі де көріністердің ерекше көрсетуіне жетелеу. Суретші өз еңбегімен жазушының кітаптағы қойылған көз қарастарын шынайы ескерген де жөн және мезгілдің реалдық көрінісін сақтау қажет.

Кітапті құрастыруда үш өнердің себеп болуы анық. Біріншісі ол тілмен сөз өнері немесе жазушылық шебершілік болса. Екіншісі ол суретші, бейнелеу өнері арқылы жазушының әлемін кескіндеме, графика, аралас техникада көрсете білуі. Үшіншісі ол нағыз кітап жасау әдісі, осы үш өнердің синтезі, көрініс пен сөздің бірігуінен туындайтын негіздер кітапты дұрыс бағытта құрастыруға әкеледі. Осы синтезді әсіресе дұрыс және нақты көрсетіп айтқан ұлы суретші және сәулетші Леонардо да Винчи болатын ол өзі былай айтқан екен. Кескіндеме ол- мылқау поэзия болса, ал поэзияның өзі соқыр кескіндеме деген». Әлде де ол көзқарасын толықтырғанда, бейнелеу көріністі толық және нақты көрсете алады, ал сөз әр түрліше, әр кезеңде ерекше түсінік береді, сондықтан оны айырықша ассоцияларды тудыруы мүмкін, сондықтан, көп уақыт ішінде ғана қалыптасқан күйіне жетеді. XIX ғасырдағы кітаптар көріністеріне тоқталған Ф.И.Буслаев «кітаптағы текстің жазылған мазмұнды, ежелден көріністер арқылы немесе кескіндеме, әлде басқа қолөнерде жалғасуы осы екі өнерлердің тікелей мақсаты болып бүкіл халықтарда және бүкіл

мезгілдерде мәңгілік болмақ» Сонымен шығармашылық жақтан қарастырғанда суретші (иллюстраторларға) тек кітаптардың декоративтілік безендіруші ретінде ғана қалмақ. Бірақта ХІХ ғасырдың 90-шы жылдары бірнеше ерекше көріністер циклдары туынды болды, солардың бірнешесі кітаптағы мағнаға қарағанда онымен тең келіп, кейбір жақтан алатын орын озып отырғаны мәлім.

Кітап графикасы осымен айқын, кітаптің негізгі бөлімі болып табылады. Соның ішінде жекеше тарағанда, ол өзіне кітапті безендіру жұмысындағы, кітаптің сыртын, супер обложка, иллюстрация-көріністер, титулдық беті, шмуцтитул, фронтиспис, заставка дегендерге бөлініп кіргізеді. Кітап көріністерінде гравюра, сурет, сияқалам мен тушь немесе сиялы қылқаламдар, бояулар мен түсті қарындаштар, қылқаламдар, аралас әдістердегі акварель, гуаштар сияқты қағазға пайдалануға тиімді, құралдар негізгі болып саналады. Бүгінгі таңда әсіресе балалар мен жасөспірімдерге арналған кітаптар мен туындыларды суретшілер сурет пен түрлі-түсті суреттермен қатар компьютерлерді де меңгере отырып, олардың көмегімен түсті суреттерді көшірмелер мен баспаханалық әдістермен шығарып алуға қол жеткізіп отыр. Олар көбінесе (Корелдраф) программаларында белсенді игеріліп келеді.

Қазіргі заманға сай кітап безендіру өнері де бір орында тұрмай, ілгері дамып келеді, сондай-ақ ол қиялдауды, дарындылықты, шеберлікті талап ететін өнер саласы. Композиция жағынан қызықты, әдемі бояулар, үйлесіміндегі, сәтті табылған шрифтері бар немесе жарнамалы басылымдардан да жеңіл емес.

Бұл ұғым суретшілер іс-әрекетінің өте кең және сан алуан шеңберін қамтиды. Кескіндемеден ерекшелігі сол, графикамен біз барлық жерде кездесеміз. Кітаптағы иллюстрациялар, газеттегі суреттемелер мен карикатуралар, түрлі тауарлардың орауштарын безендіру, көшедегі плакаттар – осының бәрі графика неғұрлым шартты, ол түстер мен формалардың бүкіл байлығын бере алмайды, графика оларды жеңілдеті отырып, ең негізгісін таңдап алады. Графика өнерінің кескіндемемен кейбір белгілері ортақ: онда да жазықтық үстінде бейнелеу орын алады.

Графика кескіндемеші сияқты перспективаны меңгеруге, анатомияны білуге сурет сала білуге тиіс. Егер кескіндемеге түс және ол жасаған колорит бірінші оында тұрса, ал сурет қажетті бірақ әйтсе де көмекші роль атқарса, штрихтар ашық және қара қоңыр дақтардың ара қатынасы жетекші маңызға ие болады. Рас графика өнерінің кейбір түрлерінде түстер де пайдаланылады, бірақ оның рөлі, әдетте шектеулі, қызметтік дәрежеде болып қалады.

Ең сараң зграфика заттардың тек нобайы ғана беретін сызықтық сурет бірақ мұндай сараң сурет те көп нәрсені – адамның типін, мінезін, қимылын бере алады. Суретшінің көзбен дәл өлшеуі, мінсіз талғамы және сенімді қолдары сызықтарға болмашы ауытқулар бере отырып, оны аздап жіңішкерте немесе жуандата отырып, оған түрлі мінездеме беріледі. Пішінін пішіндеуге жарық пен көлеңкені және бір жағынан заттың фактурасын беруге қабілетті штрихтық суреттің мүмкіндіктері үлкен.

Сурет түстермен бояулы да мүмкін әдетте бұл акварельмен немесе пастельмен жасалады. Бұл кескіндеме емес заттардың түстік сипатамасына жасалған ишара ғана, басты міндет форманы беру болып қала береді. Графикаға гравюралардың барлық түрлеріне жатады суреттерден айырмашылығы сол оларды көп дана етіп көбейтуге болады. Гравюралар сондай-ақ ақ-қара түрлі-түсті болады. Түрлі-түсті гравюралар бірнеше тақталардан басылады. Гравюралардан басқа графика өнерінің тағы бір түрі – литография да көбейеді. Бұл-бетіне тікелей сурет салынған ерекше жалпақ тастан басып шығару. Литография ақ-қара және түрлі-түсті болады. Графикалық өнердің ең көп тараған түрі – плакат. Оның түрлері аз емес, бірақ олардың ішіндегі ең бастысы – қоғамдық өмірде елеулі роль атқаратын саяси, үгіт плакаты. Плакаттың аса маңызды ерекшелігі суреттің қысқаша жазумен мағыналық және композициялық жағынан бірігуі болып табылады.

Сатиралық графика – карикатура да бүгінгі өмірде айтарлықтай роль атқарады. Олармен біз, газеттің немесе журналдың кезекті санын аша отырып, күн сайын ұшырасамыз. Графика үшін тұтас алғанда қолданылған түстің шарттылығы, образдың жалпылығы, әсірелеу мен символика тән. Графика өнерінде живописьпен және скульптурамен салыстырғанда сыртқы ұқсастықтан едәуір ауытқуға жол беріледі.

Енді графиканың ең қарапайым түрлерін сөз етсек, қағаз бетінде бір реттік басылып шыққан көркем шығарманы монотипия деп атаймыз. Монотипия грек тілінен monos – «жеке», «дара» деген мағына білдіреді. Монотипияда бояулар түрі түрліше болуы мүмкін. Әдетте монотипия қағаз не картон, пластмасса бетіне майлы бояу не гуашьпен сурет салынып, онан алынған бір реттік басылымды айтамыз. Графикада монотипия техникасы жалғыз емес, сондай-ақ Акватипия және Акватушь, Граттаж, Эклибрис т.б түрлері бар. Акватипия (аква сөзі латынның agua – су, сулы дегенді білдіреді) техникасында біздерге енді қағаз бен бояудан бөлек су қажет болады. Кез келген тегіс жылтыр бетке немесе әйнек бетіне акварельмен кез келген қызықты бейнелер

салынып, оның бетінен қағазбен бір реттік басып алынған шығарманы акватипия десек, ал Акватушь қатты қағаз бетке гуашь бояуымен сурет салынып, (мүмкіндігінше ауқымды сурет) гуашь бояуы кепкеннен кейін, үстіне барлық беті қара тушьпен жағылады. Жағындылар кепкен соң жұмысты тұтастай суға саламыз. Су бетінде гуашь бояу жағындылары еріп, тушь пен жағылған қабат ери қоймай сонда қара түсті өңде ақ астарлы қызық бейнелер пайда болады.

Эслибрис – латын тілінен *ex libris* нақты балама «кітаптан» деген сөз. «...кітабынан», «...кітапханасынан», «...кітап қорынан» тақырыбына кітапхананың не кітаптың белгілі бір адамға немесе мекемеге тиесілі екені қандайда бір кітап белгісімен, жазумен немесе мөрмен көрсететін графика түрі. Эслибристік жұмыстар алғаш орта ғасырларда Еуропада пайда болып, кейін барлық кітапхана түріне тарады. Эслибрис кітап графикасының ерекше бөлшегі. Эслибристік графикада бейне мазмұнды келіп, таңбалы белгілермен, пейзаж бөліктері, кейде қосымша жазбалар ұрандар да кездесіп, сәнді ою өрнекті жүйелі болып келеді. Әдетте олар кітапқа өзіндік штамппен беріледі.

Графикалық жұмыстың бір түрі бүгінгі шебер-класта болатын граттаж жайында қысқаша сөз етсек. Графикадағы бұл техниканың негізгі жүйесі бояу жағылған қағаз бетін тырнау арқылы бейне көрсету. Граттаж сөзі француз тілінен яғни *gratter* – «тарау», «тырнау» деген мағына береді. Бұл графика техникасымен 20 ғ. суретшілері айналысты. Ресейде алғашқы болып көптеген тамаша туындар қалдырған М.В. Добужинский болды.

Граттография тәсілін игеру үшін талапкер әдетте мынадай жұмыстармен бастайды. Жұмысты орындай отырып біріншіден қағаз бетін тең етіп балауыз (воск) шаммен немесе парафинмен жағынды жағып шығып, (бірнеше қабат) сонан кейін жалпақ қылқаламмен немесе мақтамен үстіңгі бетін тушьпен біртекті етіп жағылады. Тушьтың, майлы балауыздың бетке толық жағылуын қадағалаймыз. Тушьпен қара өндік қабаттар жағылған соң, өткір затпен ине немесе пышақ, тоқыма біздерімен тырналап бейне сурет салынады. Қара өңде жіңішке нәзік қағыстар (штрихтар) беріліп, нәтижесінде бейне бір жеңіл жұмбақ күйінде көрінеді. Яғни қара өңде әсерлі ақ бейнелер пайда болады.

Бүгінгі шебер-класстың графикалық жұмыстарын ендігі тәсіл сия бояуларын қолдана отырып жұмыс жасаймыз. Сия бояулары алғашында ежелгі мысырлықтар қолданды. Біздің дәуірге дейін олар жазба үшін папирус тамырының күлі мен камеди ерітіндісінің /қараған мен шиенің қою шырыны/ қоспасын пайдаланды. Осындай құрам Қытайда 2,5 мың жыл бұрын қолданды. Қытайлық сиялар сілтелерде ерітілген күйе мен шайырдың қоспасы болды. Осы сиялардың құпиясын 1876 жылы химик К.Б.Шелле ашты. Ол қандыағаш тамырларын қайнатқан кезде суға темір қышқылды темірлі тұздар беретін тері илейтін қышқылдар қосылатынын анықтады. Ерітіндінің бояуы аз, бірақ кепкен кезде темір қышқылданады және қараяды. Суда ерімейтін және жарыққа тұрақты темірдің тотығы пайда болады. Қазіргі таңда өнеркәсіп жаңақты сиялар өндірмейді, бірақ қауырсынмен жұмыс істейтін кейбір графиктер бұл сияларды өздері жасайды. Алайда бұл сиялардың кемшілігі болды: жазылғанды тек 10-12 сағаттан кейін оқуға болатын, ал оған дейін мәтін түссіз болатын. 1885 жылы саксондық мұғалім Леонгарди ализаринді сиялар ойлап тапты. Олар да галлды болды, тек түссіз - лайлы емес, қарқынды -жасыл болды. Қағаз бетінде олар таза қара түске айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Акбаева Ш.Ә. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі. Оқу құралы Алматы: «Нұр-Принт» баспасы. 2007.-137 б.
- 2 Нұрым Қ.Т., Акбаева Ш.Ә. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы/-Алматы: Абай атын. ҚазҰПУ-і «ИП Уатханов А.Ф.» баспасы. 2012.-149 б.
- 3 Уалиев Б.,Иманбекова Қ.Сурет «Фолиант» баспасы Астана-2010.
- 4 Беда Г.В. Основы изобразительного искусства. М. 1986.
- 5 Беда Г.В. Основы изобразительного искусства. М. 1986.
- 6 Жеделов Қ.О. Бейнелеу өнері сабағында оқушылардың көркемдік қабылдауын қалыптастыру: оқу құралы.-Алматы: «Алуа» ЖШС, 2004.-108 б.с.
- 7 Айдарова З., Дирксен Л. Бейнелеу өнері «Фолиант» баспасы Астана-2010.